

Сәтбаев Университетінің студенттеріне арналған Office 365

Құрметті студенттер!

Сәтбаев Университетінде оқу процесі аралас оқыту жүйесі бойынша құрылған: яғни күндізгі оқу түрі мен цифрлық құралдарды кеңінен қолдана отырып оқыту. Университетте оқу кезінде сіз корпоративтік электрондық поштаны, электронды құжаттарды, электронды оқу кестесін және бейнеконференцияларды пайдаланасыз. Атап айтқанда:

- <https://sso.satbayev.university/> білім беру порталындағы сабақ кестесі;
- Оқуға арналған онлайн-дәрістер, оқу материалдары және білімді Microsoft Teams арқылы бағалау;
- Polytech online <https://polytechonline.kz> порталындағы онлайн-курстарға жазылу;
- Оқу материалдары мен орындалған тапсырмаларды сақтауға арналған OneDrive бұлтты сақтау құралы;
- Университеттен және оқытушылардан тапсырмалар алып, ақпарат жинауға арналған корпоративтік электрондық пошта.

Сәтбаев Университетінде бакалавриаттағы, магистратура мен докторантурадағы әрбір студентке университеттен жеке Microsoft аккаунты беріледі, ол студентке Microsoft Office 365 қызметтеріне тегін тіркелуге және сабаққа қажетті барлық құралдарды алуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда:

- Университеттік жеке электрондық пошта. Электрондық пошта университет әкімшілігімен және оқытушылармен байланыс жасау үшін қолданылады. Студенттің жеке пошта жәшігінің көлемі 100 Гб (Google-ден 10 есе көп).
- Жеке мәліметтерді бұлтты сақтауға арналған OneDrive құралы, оның көлемі 1 Тб (яғни 1000 гигабайт). OneDrive – сізге берілетін жеке онлайн-диск, оған күнделікті дәріс жазбаларын, электрондық оқулықтарды және орындалған тапсырмаларды жүктеуге болады. Барлық мәліметтер Microsoft бұлтты сақтау құралымен және басқа да құрылғылармен үйлеседі, оларға өзіңіздің аккаунтыңыз арқылы кіресіз және кез келген құрылғы арқылы қол жеткізе аласыз, ал байқаусызда өшіп қалса, қайтадан қалпына келтіруге болады.
- Сәтбаев Университетінің логинін пайдалана отырып, сіз лицензияланған ОС Windows 10 және Office 365 (Word, Power Point, Excel, т.б.) бағдарламасын үйдегі компьютеріңізге тегін орната аласыз. Office 365 бағдарламасын телефон мен планшетті қоса алғанда, 5 құрылғыға дейін тегін орнатуға болады.
- Сәтбаев Университетінің аккаунты OneDrive қолданбасынан басқа сізге Microsoft корпорациясының барлық онлайн қызметтеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді: сіз Forms, Planner, To Do, Sway, Microsoft Calendar және Microsoft Teams бағдарламаларына қол жеткізе аласыз, бұл университетте дәріс оқу үшін және оқытушылардың тапсырмаларын орындау үшін пайдаланылатын ең озық бейнеконференция қызметі.

Microsoft қызметтерінің барлығы бір жүйеге біріктірілген. OneDrive-да орналастырылған файлдар пакеттің кез келген қолданбасында қолжетімді, күнтізбедегі өзгерістерді бірден пошта арқылы көруге болады, ал студенттер мен оқытушылар туралы барлық мәліметтерді ортақ мекенжай кітабынан табуға болады, бұл мекенжай кітабы тек хат жазуға ғана емес, сонымен қатар Teams арқылы оқытушы тауып алу үшін де мүмкіндік береді.

Студент оқытушыдан тапсырманы Teams бағдарламасы арқылы ала алады, құжатты жүктемей-ақ, онлайн түрде ала алады, оған OneDrive қызметінен материалдар қоса алады да, файлдарды пошта арқылы жібермей-ақ, оқытушыға тапсырманың орындалғаны туралы хабарлай алады.

- Әдеттегі білім беру қызметтерінен басқа, Сәтбаев Университетінің логині IT мамандарына банк картасының мәліметтерін енгізбей-ақ, Azure бұлттық ортасында есептік жазбаны пайдалануға мүмкіндік береді.

Студенттер Microsoft қызметтеріне оқудың барлық кезеңінде тегін түрде қол жеткізе алады. Әрбір дерлік бағдарламаның екі нұсқасы бар: жұмыс үстелі және желілік. Білім беру пакетіне сондай-ақ Minecraft Education Edition зияткерлік ойыны да кіреді.

Сәтбаев Университетінен Microsoft аккаунтын қалай алуға болады

<https://kb.satbayev.university/> онлайн қабылдау сайтына тіркелуге өтініш бергеннен кейін, сіз өзіңіздің жеке поштаңызға ЖСН нөмірі (егер Қазақстан азаматы болсаңыз) арқылы немесе төлқұжат нөмірі (егер сіз шетел азаматы болсаңыз) арқылы логин аласыз. Ол сізге порталға кіруге мүмкіндік беретін пароль болады.


Ал университетке оқуға түскеннен кейін бұл логин сіз үшін университеттің әмбебап логиніне айналады, ал пароль сізге Microsoft корпорациясының барлық қызметтеріне және <https://sso.satbayev.university/> білім беру порталына кіруге мүмкіндік береді. Дәл осы логинді университет ұсынатын басқа да онлайн ресурстарға кіру үшін пайдалана аласыз.

Оқуды бастамас бұрын сіз Сәтбаев Университетінің [Polytechonline](#) және [Microsoft Office 365](#) қашықтықтан білім беру платформаларына тіркеліп, корпоративтік поштаңызды іске қосып, оқуға дайын болуыңыз керек. Оқу кезінде сіз университет жіберген тапсырмаларды немесе маңызды ақпаратты жіберіп алмау үшін, білім беру порталына жүйелі түрде кіріп, пошта жәшігіңіздегі хаттарды үнемі оқып тұруыңыз керек.


Поштаға қалай қол жеткізуге болады

Университеттегі барлық хат-хабарлар корпоративтік пошта арқылы жіберіледі. Егер сіз оны пайдаланбасаңыз, оқытушылар сізбен байланыса алмайды, сондықтан оны үнемі тексеріп тұруыңыз керек.

Поштаға кіру үшін браузерді іске қосыңыз (мысалы, Chrome немесе EDGE), мекенжай жолағына office.com мекенжайын теріп, Enter пернесін бассаңыз, сіз осы парақшаға кіресіз:



«Кіру» деген пернеге басасыз, Сәтбаев Университетіндегі өз логин номеріңізді енгізіп (мысалы, 123456789000@stud.satbayev.university), Enter-ді басыңыз. Содан кейін өзіңіздің парольді жазып, «Кіру» деген пернеге басыңыз.

Пошта немесе OneDrive ашу үшін, осы парақшаның сол жақ жоғары бұрышында орналасқан мына тоғыз нүктені  басасыз.

Содан кейін поштаны ашу үшін, Outlook пернесін немесе онлайн-диск ашу үшін OneDrive пернесін басасыз.

Осы түйме Microsoft қызметтерінің барлық онлайн нұсқаларына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқу үшін сізге келесі қызметтер ең пайдалы болады:

- **Teams** – виртуалды командалар мен бейнеконференциялар қызметі;
- **Exchange Online** – электрондық пошта, күнтізбе, байланыс номерлері, тапсырмалар;
- **Кеңсе қосымшаларының пакеті** — әйгілі Word, Excel, PowerPoint, Visio қосымшаларының веб-нұсқасы (дайын құжаттар OneDrive сақталады);
- **OneDrive** — қолданушыларға арналған бұлтты жеке интернет-қойма, оның көлемі – 1 Тб;
- **OneNote** — жеке жазба кітапшасы;
- **Planner** – жұмысты жоспарлаушы;
- **To Do** (телефон арқылы) – тапсырмаларды жоспарлау қызметі;
- **Sway** — таныстырылымдар үшін тиімді сайттар жасауға арналған қызмет түрі.


Оқытушының қалауы бойынша сізге Kaizala хабар алмасу қосымшасы (телефоныңызда) қажет болуы мүмкін.

Телефонға пошта қабылдау қосымшасын қалай орнатуға болады

Сіз Microsoft қызметтерін өз телефоныңызға да орната аласыз. Ол қызмет түрлеріне телефон арқылы қол жеткізу үшін, App Store немесе Google Play қосымшаларындағы арнайы қосымшаны жүктейсіз де, оны іске қосу үшін, Сәтбаев Университетіндегі өзіңіздің корпоративтік логинді пайдаланасыз.

iOS (iPhone), iPadOS (iPad) қосымшаларындағы пошта

Outlook бағдарламасын жүктеп алыңыз, «**Жұмысты бастау**» деген түймені басып, содан кейін «**Электрондық поштаның есептік жазбасын қосу**» деген түймені басыңыз. Толық логиніңізді (мысалы, 123456789000@stud.satbayev.university) және парольді енгізіп, «**Кіру**» түймесін басыңыз. Осыдан кейін қосымшаны пайдалануға болады.



Android-тағы пошта

Android жүйесіне арналған Outlook бағдарламасын жүктеп алып, **«Жұмысты бастау»** деген түймені, содан кейін **«Электрондық поштаның есептік жазбасын қосу»** деген түймені басыңыз. Толық логиніңізді (мысалы, 123456789000@stud.satbayev.university) және парольді енгізіп, **«Кіру»** түймесін басыңыз. Осыдан кейін қосымшаны пайдалануға болады.

Жеке компьютерге Windows және Office бағдарламаларын қалайша тегін орнатуға болады

Ол үшін сіз office.com ресми сайтына кіріп, Сәтбаев Университетінің корпоративтік логині мен парольді пайдаланып, жүйеге кіріп, Windows 10 Pro және Office орнату файлдарын жүктеп аласыз да, сонда көрсетілген барлық нұсқауларды орындайсыз.

Microsoft 365 поштасын Outlook арқылы алуды компьютерге қалай орнатуға болады

Outlook-тегі пошта

Outlook бағдарламасын ашып, логин (мысалы, 123456789000@stud.satbayev.university) енгізіңіз де, «Қосу» деген түймені басыңыз. Бағдарламаны пошта серверіне қосқаннан кейін парольді енгізіп, «Есептік жазбаларды есте сақтау» деген белгі қойыңыз. Пайда болған терезеде «ОК» түймесін басыңыз. Бағдарламаны қайта іске қосқаннан кейін Outlook бағдарламасын қолдануға болады.

Windows 10 бағдарламасындағы пошта (электрондық поштаға қондырылған клиент)

«Пошта» бағдарламасын (немесе ағылшын тіліндегі Mail бағдарламасын) жүктеңіз. «Есептік жазба қосу» Office 365, Exchange» деген пунктті таңдаңыз. Логинді толық енгізіңіз (мысалы, 123456789000@stud.satbayev.university) де, «Әрі қарай» деген түймені басыңыз. Бағдарлама пошта серверіне қосылғаннан кейін, «Әрі қарай жалғастыру» деген түймені басып, пароль енгізіңіз. Сәйкестік орнағаннан кейін бағдарламаны қолдана беруге болады.

Azure бағдарламасына қалайша тегін қол жеткізуге болады

<https://azure.microsoft.com> бағдарламасына ауысыңыз да, логин ретінде Сәтбаев Университетіндегі өзіңіздің Microsoft логиніңіз арқылы тіркеуден өтіңіз. Тіркелу кезінде жүйе сізден банк картасының деректемелерін сұрамайды, ал Azure жүйесіне тіркелгеннен кейін сізге 200 доллар аударылады. Бұл сізге қажетті сервистік қызметтерді қосуға мүмкіндік беретін депозит. Депозит біткеннен кейін қосымша тағы басқа қызметтерді қосу қажет болса, банк картасын қаражатпен толтыру керек.

Қиындықтарды шешу

Есіңізде болсын, оқытушыдан тапсырмаларды уақытында алып тұрып, оны уақытында орындау – студентке жауапкершілік жүктейді. Сондықтан барлық сервистік қызметтердің дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.

Оқытушылардан хат келмей жатыр ма? Хаттар сізге қай поштаға түсетінін тексеріңіз. Оқытушылар хаттарды тек Сәтбаев Университетінің корпоративтік поштасына ғана жібереді.

Пошта дұрыс, алайда хат келмей жатыр ма? «Спам» папкасын тексеріңіз. Егер де қажетті хаттар сонда түскен болса, олардың авторларын сенімді корреспондент деп белгілеп, «Спам емес» деген түймені басыңыз.

Хаттар «Спамға» түспей, жете алмай жатыр ма? Мүмкін, хаттың файлы тым үлкен болған шығар. Университет ішілік хаттардың көлемі 30 мегабайттан аспауы керек, яғни көлемі үлкен хаттар жүйеден өтпейді. Сондықтан да қажетті файлды OneDrive бағдарламасына жүктеңіз де, хатта осы бағдарламаға сілтеме беріңіз.

Техникалық қолдау

Техникалық мәселелер бойынша: 8 (727) 320 4151, dis-help@satbaevv.university.

Сервистік қызметтердің жұмысы мен олардың мазмұны туралы сұрақтарды эдвайзерге де қоюға болады.

Пайдалы сілтемелер

[Microsoft 365 бағдарламасына қош келдіңіз – нұсқаулық](#)

[Microsoft Office 365 бағдарламасымен танысуға және білім алуға арналған ресми ресурс](#)

[Office бағдарламасында жұмыс жасауға арналған қысқаша нұсқаулық](#)

[Microsoft Teams бойынша жұмыс жасау және анықтама алу](#)

[Microsoft Teams бағдарламасының білім беру бейнебаяны](#)